

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Б А С П А С Ө З - Х А Б А Р Л А М А С Ы

Алматы қ

2014 жылдың 20 қарашасы

KASE Еуро-азия биржалары Федерациясының жұмыс комитетін басқарды

2014 жылдың 19 қарашасында Загреб қаласында (Хорватия Республикасы) Еуро-азия биржалары федерациясының бас ассамблеясы отырысында дауыс беру арқылы Қазақстан қор биржасының (KASE) президенті Мақсат Рахымжанұлы Қабашев FEAS жұмыс комитетінің төрағасы болып сайланды. Бұл оқиға Бүкіләлемдік биржа федерациясына (WFE) толық мүшелікпен қатар келіп, биржаның әлемдік қаржы қауымдастығында мәртебесін растайтын, KASE үшін маңызды оқиға болып табылады.

KASE 1997 жылдан бастап FEAS мүшесі болып табылады және жұмыс топтары мен іс-шараларға белсенді қатысады. FEAS 17-ші Бас ассамблеясы Алматы қаласында өтті, оған Шығыс Еуропа, Орталық Азия, Солтүстік Африка және Таяу Шығыс елдерінен 15-тен астам биржалар қатысты.

KASE Президентін FEAS жұмыс комитетінің төрағасы етіп сайлауы FEAS жұмыс жылдарында ие болған KASE қызметінің халықаралық стандарттың негізгі аспектілеріне сәйкестігін растайды.

KASE ие болған мәртебесі шет елдік биржалармен одан әрі ынтымақтастықты дамыту және нығайтуға, сондай-ақ жаңа әлемдік үрдістер, пікірлер мен биржа қызметіне ықпалын нығайтуға әсер ететіні сөзсіз.

Жұмыс комитетінің төрағасының негізгі міндеттері жұмысты үйлестіру және жұмыс тобының алдында тұрған негізгі төменде көрсетілген міндеттерді қарастыру болып табылады:

- реттеу және ережелер;
- инвесторлармен қарым-қатынас;
- шағын және орта кәсіпкерлермен жұмыс.

2014 жылдың 17 қарашасында KASE өзінің 21-жылдығын атап өтті. Аталмыш оқиға биржаның қазіргі уақытта пісіп жетілгендігін, одан әрі дамуға дайын екендігін растайтын жоғары баға болып табылады. Басқа да артықшылықтармен қатар, FEAS Жұмыс комитетіне төрағалық ету биржаға басқа биржалардың ішінде Орталық Азия инфрақұрылымдық қаржы нарығы институтында нақты орын алуына мүмкіндік береді.

Анықтама үшін

Еуро-азия биржалары федерациясы (FEAS) 1995 жылдың 16 мамырында 12 құрылтайшы мүшелері құрды. Қазіргі уақытта FEAS құрамына 34 мүшесі және 13 үлестес мүшелер кіреді, оағна қоса клирингтік және есептік ұйымдар мен дилер бірлестіктері кіреді, және бір аймақтық федерацияға – Оңтүстік азия қор биржалары федерациясы (SAFE) кіреді.

KASE Қазақстанда қаржы нарығына қызмет ететін жалғыз биржа болып табылады. Ол репо нарығы құралдарымен, шет елдік валютамен, мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздармен, шет елдік эмитенттермен, халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларымен сауда-саттық жүргізілетін әмбебап алаң болып табылады.

KASE Бүкіләлемдік биржа федерациясына (WFE), Еуро-азия биржалары федерациясына (FEAS), халықаралық қаржы ақпаратын тұтынушылар мен таратушылар (SIIA/FISD) ассоциациясына, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің биржасы халықаралық ассоциациясына, Қазақстан қаржы бірлестігіне (ҚҚБ) мүше болып табылады.